**«Күншуақ» кіші тобының ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**Ақпан айы. 2021ж**
**Өтпелі тақырып:** «Мен және қоршаған орта»
**Мақсаты:** Адам мен табиғаттың байланысы,табиғаттың адам өміріндегі маңызы туралы білімдерін тереңдете түсу. Қоршаған орта жайлы түсіндіру

| **Білім беру саласы** | **Денсаулық -3**<br>**Дене шынықтыру -3** | **Қатынас-1**<br>**Сөйлеуді дамыту- 0,5**<br>**Көркем әдебиет -0,5** | **Таным-2**<br>**Сенсорика- 0,5**<br>**Құрастыру -- 0,5**<br>**Жаратылыстану- 1** | **Шығармашылық -3**<br>**Сурет салу- 1**<br>**Жапсыру- 0,25**<br>**Мүсіндеу -0,25**<br>**Музыка -1,5** | **Әлеумет-0** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Жасы** | | | **2 жас** | | |
| **Оқу мақсаты Үлгілік оқу бағдарламасы** | Денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып дене дағдылары мен қимыл қозғалыс түрлерін қалыптастырады. | Тілдік қарым-қатынас дағдыларын, сөздік қорларын, әдеби шығармаға деген қызығушылықтарын арттырады. | Балалардың танымдық қабілеттері дамып, ой-өрістері кеңінен қалыптасты. | Шығармашылық қабілеттері дамып, эстетикалық қабылдаулары жақсы қалыптаса түсті. | |
| **I АПТА** | **Денешынықтыру**<br>1.Тақырыбы: Допқа дұрыс траектория беру<br>**Мақсаты:**<br>Бірнеше кедергілерден өту , қол мен аяқтың қозғалысын үйлестіреді; допқа дұрыс траектория беруге, қолды жігерлі қозғалыспен түзете білді; қозғалысты дұрыс орындау,<br><br>2. Тақырыбы: Бөренемен жүруге, жоғары тіректе тепе-теңдікті сақтау | **Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы: Ғажайып қыс<br>**Мақсаты:** Өлі табиғат құбылысы қармен танысып, қардың жұмсақ, түсі ақ, мұздай, ериді деген негізгі қасиеттерін айта алады. | **Сенсорика**<br>Тақырыбы: Ғажайып күн шуағы<br>**Мақсаты:** Дайын үлгідегі дөңгелек пішіннің ішіне, көлеміне, түсіне сәйкес келетін пішіндерді орналастыра алады.Түрлі көлемдегі пішіндерді негізгі қасиеттері бойынша топтастырады.<br>**Жаратылыстану**<br>Тақырыбы: Сумен тәжірибе жүргізу<br>**Мақсаты:** Судың мөлдір екенін, бірақ оның кез-келген түске бояуға немесе ластауға | **Сурет салу**<br>Тақырыбы: Ақ ұлпа қарлар<br>**Мақсаты:** Бояуды парақ бетіне сүйкей жағу тәсілі арқылы жіңішке сызықтар түсіре отырып, жауып тұрған ұлпа қардың бейнесін салуды біледі.<br>**Музыка**<br>Тақырыбы: **«Көңілді доп»**<br>1. Музыканы тыңдап әннің ерекшеліктерін таниды. Әндегі қайталанатын тіркестерді ересектердің дауыс интонациясын салып айтады.<br><br>2. Ересекпен бірге ән | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мақсаты:**<br>Бөренемен жүруге, жоғары тіректе тепе-теңдікті сақтады; кедергілерден өте білуді , қол және аяқ қимылдарын үйлестіреді; жүру және бағытты ауыстыра отырып жүгіру жаттығулары, қозғалыс бағытын өзгерту, жүріс тәртібін бұзбай жүруді және жүгіруді кезектестіреді.<br><br>3.Тақырыбы: Тіректің шектеулі алаңында тепе-теңдікті сақтау<br>**Мақсаты:**<br>Тіректің шектеулі алаңында тепе-теңдікті сақтай білді.қозғалыс арқылы музыкалық бейнелерді бере білуді, еркін жүре және жүгіре білді. | | болатынын ажырата біледі | айтуға ынта білдіреді. Музыкалық ырғақты қимылдарды жасап шеңбер бойымен, шашыраңқы топылдатып жүреді<br><br>Мүсіндеу<br>Тақырыбы: Ұшақ<br>**Мақсаты:**<br>Екі бөлік ермексаз кесектерін алақан арасында дөңгелектеп салып, екінші бөлігін төртбұрыш, үшбұрышқа бөле біледі. | |
| **2 АПТА** | Денешынықтыру<br>1.Тақырыбы: екі сызықтан секіру жаттығуларын жүргізу<br>**Мақсаты:**<br>Тепе-теңдікті сақтай отырып, заттар арасынан "жыланша" жүруге жартылай иілген аяқтармен жерге | **Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы: Поезд (өлеңі)<br>**Мақсаты:** Өлеңді мұқият тыңдай алады, мазмұнын түсіне біледі, балалардың поезд дыбысына еліктеп у- дыбысын созып, қимыл әрекеттерін жасап, айта алады. | **Құрастыру**<br>Тақырыбы: Трамвай<br>**Мақсаты:** Құрылыс материалдарының бірнеше бөліктерін құрастырып трамвай жасай алады.<br><br>**Жаратылыстану**<br>Тақырыбы: Көліктер | Сурет салу<br>Тақырыбы: Машинаның дөңгелектері<br>**Мақсаты:** Дәстүрден тыс тәсілді (тығын) қолдана отырып машина дөңгелегінің суретін салуды біледі. Түстерді дұрыс ажыратып айтады. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қонып, екі сызықтан секіру жаттығуларын жүргізу; доғаның астынан өту, заттар арасынан еңбектеп өтті.<br>2. Тақырыбы: Екі аяқпен бір уақытта секіруге және жерге қону<br>**Мақсаты:**<br>Екі аяқпен бір уақытта секіруге және жерге қонуға білді; ырғақты жүру және аяқ ұшымен оңай жүгіре білуді,дене сымбатын дұрыс сақтау; заттар арасынан еңбектеп өтуге жаттығу, қол және аяқ қимылдарын үйлестіреді.<br>3. Тақырыбы: **:** көлбеу тақтайша бойымен еңбектеу<br>**Мақсаты:**<br>Алаңның бір жағынан екінші жағына  жеңіл және ырғақты жүгіруге, өзінің жүгіруін басқа балалардың жүгіруімен үйлестіре білді; заттар арқылы аттаған кезде тұрақты тепе-теңдікті сақтай білді; көлбеу тақтайша бойымен еңбектеу жаттығуын, қимылдарды үйлестіруді, батылдық | | **Мақсаты** Автобус, трамвай, жедел жәрдем, өрт сөндіруші, ұшақ, зымыран, кеме, т.б көліктерді ажыратады. Балалар көліктер туралы біледі | **Жапсыру**<br>Тақырыбы: Жеңіл машина<br>**Мақсаты:** Көлік түрлерін,жүру түрлеріне қарай 3ке бөлінетінін біліп, ажырата алады. Дайын пішіндерден жеңіл машина құрастыра  алады.<br><br>Музыка<br>Тақырыбы: **«Машина»**<br>Музыканы тыңдай жүріп әнді қимыл қозғалыспен орындайды. Жәй және тез ұғымдарын қалыптасады. Ырғақты және әуеннің екпінін дұрыс жеткізеді. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | танытты; | | | | |
| **3 АПТА** | Денешынықтыру<br>1. Тақырыбы: Еденге тігінен орналасқан құрсаудан еңбектеп өту<br>**Мақсаты:**<br>Еденге тігінен орналасқан құрсаудан еңбектеп өте білді, қол мен аяқ қозғалысын үйлестіре білуді ; допты лақтыру мен қағып алуға жаттығу жасау, допты жоғары қарай бар күшімен лақтырып, денесіне тигізбей ұстай білді; жаттығуларды жалпы барлық қарқынмен орындау дағдысын бекіту, дененің дұрыс жағдайын сақтау.<br><br>2. Тақырыбы: Қолдарын күрт қозғалыспен түзете отырып, допты кеудесінен асыра екі қолмен лақтыру<br>**Мақсаты:**<br>Бір екпін мен ырғақты сақтай отырып, шеңбер бойымен жүгіре білді.Шектеулі аланда тепе-теңдікті сақтай білуді; қолдарын күрт | Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы: Телефон (өлең) Корней Чуковский<br>**Мақсаты:** Кейіпкер бейнесін сомдауда, түсінікті сөйлеуде, мәнерлі дауыс ырғағы арқылы сөйлеуі дамыды.. Электроника туралы түсініп,оларды ажырата біледі. | **Сенсорика**<br>Тақырыбы: Ақылды Айша<br>**Мақсаты:** Түрлі заттарды: түсі, пішіні, көлемі бойынша сенсорлық қасиеттерін айта алады. түсі бойынша әртүрлі деген ұғымды дұрыс қолданады; ұсақ бөлшектерді бауға таға алады.<br>**Жаратылыстану**<br>Тақырыбы: Тап және ата<br>**Мақсаты:** Балалар үй тұрмысындағы заттарды, олардың қасиеттерін-қарапайым пішінін, көлемін танып атай алады. | Сурет салу<br>Тақырыбы: Түрлі түсті сақиналар<br>**Мақсаты:** Қылқаламмен дөңгелек пішін салуды біледі. Бояу түстерін ажыратады.<br>Музыка<br>**«Бақа,бақа,балпақ»**<br>Музыкалық шығарманы тыңдап көңіл күйін қимылмен көрсете орындайды. Музыка ырғағына сай денені оңға, солға бұрады. Басты оңға, солға иеді. Шеңбер бойымен жүреді.<br><br>2. Үйренген әндерін қимыл қозғалыспен үйлестіре орындайды. Музыкалық фразаларын жоғары және төмен дыбысталуын ажыратады. | Ойын барысында бір-бірін түсінуге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қозғалыспен түзете отырып, допты кеудесінен асыра екі қолмен лақтыруға жаттықты. Жаттығуларды барлық қарқынмен орындау, дененің дұрыс жағдайын сақтау, берілген қозғалыс бағытын сақтады.<br><br>3. Тақырыбы: зат арқылы секіру<br>**Мақсаты:**<br>Еденнен екі аяқты жігерлі итеріп, зат арқылы секіре білді; жоғары тіректе тепе-теңдікті сақтай білуді жаттықтыру. | | | | |
| **4 АПТА** | **Денешынықтыру**<br>1. Тақырыбы: Допты еденге төмен қарай лақтыру<br>**Мақсаты:**<br>Допты еденге төмен қарай лақтыруға және лақтырғаннан кейін екі қолмен қағып алды ;нұсқаушының түсіндірмелерін тыңдау, көрсетілімді қадағалау; төзімділікті, қозғалыстарды үйлестіру, | **Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы: Дәрігер Айболит (ертегі мультфильмін көрсету)<br>**Мақсаты:**<br>Мақсаты: Балалар мейрімділікке, өзге адамдарға, жануарларға қамқорлық қатынасын білдіре алады. | **Құрастыру**<br>Тақырыбы: Машина<br>**Мақсаты:** Балалар құрылыс матариалдарымен жұмыс жасай алады. Олардың түсін, пішінін ,көлемін ажырата біледі.<br><br>**Жаратылыстану**<br>Тақырыбы: Дәрігер<br>**Мақсаты:** Балалар тазалыққа баулу және салауатты өмір салтын ұстану туралы біледі. Байланыстырып сөйлеуге, | **Сурет салу**<br>Тақырыбы: Адамның бейнесін салу<br>**Мақсаты:** Балалар құм бетіне дөңгелек, ұшбұрыш пішіндерді саусақпен салуды және өз жұмысының нәтижесіне қызығушылықпен қарауды біледі.<br><br>**Музыка**<br>**« Құстар біздің досымыз»**<br>Үнтаспадағы әндер мен пьесаларды тыңдайды. | Табиғатта болып жатқан өзгерістерді бақылауға үйрету |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2. Тақырыбы:<br>Жартылай бүгілген аяқтарымен жерге жеңіл қону<br>**Мақсаты:**<br>Допты көтерілген қолдың биіктігіне созылған бау арқылы 2 м қашықтықта тұрып, қолды екпінді түзей отырып лақтырады; күшпен итеріп, жартылай бүгілген аяқтарымен жерге жеңіл қону дағдысын іске асыра отырып, зат арқылы секірді;<br><br>3. Тақырыбы:<br>Гимнастикалық қабырғаға шығуға және одан түсу<br>**Мақсаты:**<br>Гимнастикалық қабырғаға шығуға және одан түсуге, төрт саусақты жоғары, бас бармақты төмен жіберіп белден ұстау. Допқа дұрыс траектория беріп, допты алға бағыттау - қолды жоғары тіке бағыттай білді; | | сюжетті - рөлді ойынды өз ұйымдастыра алады, түсініктерін ойын барысында әсерлі қолдана біледі.<br>Балалар дәрігер мамандығының не үшін қажет екендігін біледі. | Әнді жеңіл, көңілді орындайды. Ырғақты қимылдарды музыка сипатына сәйкес орындайды. | |